

**Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізу кезінде коронавирустық инфекцияны немесе вирустық пневмонияны жұқтырған жағдайда оларға, сондай-ақ қызметкер қайтыс болған жағдайда эпидемияға қарсы іс-шараларға қатысу-қатыспауына қарамастан олардың отбасыларына біржолғы әлеуметтік төлемді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 9 сәуірдегі № 129 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 9 сәуірдегі № ҚР ДСМ-35/2020 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 9 сәуірде № 20355 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 24 қазандағы № ҚР ДСМ-152/2020 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 24 қазандағы № 413 бірлескен бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 24.10.2020 № ҚР ДСМ-152/2020 және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.10.2020 № 413 (24.10.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

**Ескерту. Бірлескен бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.10.2020 № 396 және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.10.2020 № ҚР ДСМ-124/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

"Төтенше жағдай туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабы 2-тармағының екінші бөлігіне, Қазақстан Республикасы Президентінің "Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" 2020 жылғы 16 наурыздағы Жарлығының 1-тармағының 4) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысы хаттамасының 2.3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса беріліп отырған Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізу кезінде коронавирустық инфекцияны немесе вирустық пневмонияны жұқтырған жағдайда оларға, сондай-ақ қызметкер қайтыс болған жағдайда эпидемияға қарсы іс-шараларға қатысу-қатыспауына қарамастан олардың отбасыларына біржолғы әлеуметтік төлемді жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.10.2020 № 396 және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.10.2020 № ҚР ДСМ-124/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік сақтандыру, базалық әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі А.Ә. Сарбасовқа жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 16 наурыздан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

*Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі*

*Е. Биртанов*

*Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі*

*Б. Нұрымбетов*

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрінің  
2020 жылғы 9 сәуірі № 129 және  
Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2020 жылғы 9 сәуірдегі  
№ ҚР ДСМ-35/2020  
бірлескен бұйрығына  
қосымша

**Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізу кезінде коронавирустық инфекцияны немесе вирустық пневмонияны жұқтырған жағдайда оларға, сондай-ақ қызметкер қайтыс болған жағдайда эпидемияға қарсы іс-шараларға қатысу қатыспауына**

## **қарамастан олардың отбасыларына біржолғы әлеуметтік төлемді жүзеге асыру қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер**

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.10.2020 № 396 және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.10.2020 № ҚР ДСМ-124/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Осы Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізу кезінде коронавирустық инфекцияны немесе вирустық пневмонияны жұқтырған жағдайда оларға, сондай-ақ қызметкер қайтыс болған жағдайда эпидемияға қарсы іс-шараларға қатысу-қатыспауына қарамастан олардың отбасыларына біржолғы әлеуметтік төлемді жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері коронавирустық инфекцияны немесе коронавирустық инфекцияны жоққа шығармайтын клиникалық және эпидемиологиялық белгілер бойынша вирустық пневмонияны жұқтырған (коронавирустық инфекцияның ықтимал жағдайы) (бұдан әрі – вирустық пневмония) жағдайда оларға, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда олардың отбасы мүшелеріне біржолғы әлеуметтік төлемді жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері коронавирустық инфекцияны немесе вирустық пневмонияны жұқтырған жағдайда оларға, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда олардың отбасыларына біржолғы әлеуметтік төлем коронавирустық инфекцияны немесе вирустық пневмонияны жұқтырған денсаулық сақтау жүйесінің мынадай қызметкерлеріне:

1) реанимация бөлімшелерін қоса алғанда, инфекциялық стационарлардың және коронавирустық инфекциясы бар пациенттерге медициналық көмек көрсету үшін айқындалған басқа да стационарлардың дәрігерлеріне, орта және кіші медицина қызметкерлеріне;

2) провизорлық стационарлардың дәрігерлеріне, орта және кіші медицина қызметкерлеріне, жедел медициналық көмектің, оның ішінде амбулаториялық-емханалық ұйымдар жанындағы дәрігерлер мен фельдшерлерге, сондай-ақ санитариялық авиацияның дәрігерлері мен орта медицина қызметкерлеріне;

3) жіті респираторлық вирустық инфекциялары, пневмониясы бар пациенттерді қабылдауға және эпидемияға қарсы іс-шаралармен байланысты биологиялық материалды алуға айқындалғандарға:

карантиндік стационарлардың дәрігерлеріне, орта және кіші медицина қызметкерлеріне, жедел медициналық көмек бригадаларының жүргізушілеріне;

медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарының, жедел және шұғыл медициналық көмек көрсететін стационарлардың қызметкерлеріне, сондай-ақ зертхана мамандарына;

4) санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің қызметкерлеріне;

5) сот сараптамасы органдарының қызметкерлеріне;

6) блок-бекеттерде карантиндік режимді қатамасыз ететін дәрігерлерге, денсаулық сақтау ұйымының орта және кіші медицина қызметкерлеріне жүзеге асырылады.

3. Біржолғы әлеуметтік төлем Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі – қор):

1) осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген адамдарға "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 104-бабына сәйкес шектеу іс-шаралары қолданылған кезеңде инфекциясына қарсы күрес жөніндегі эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізген кезде коронавирустық инфекцияны жұқтырған, вирустық пневмониямен сырқаттанған жағдайда – екі миллион теңге мөлшерінде ;

2) осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген адамдар "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 104-бабына сәйкес шектеу іс-шаралары қолданылған кезеңде коронавирустық инфекцияға қарсы күрес жөніндегі эпидемияға қарсы іс-шараларға қатысу-қатыспауына қарамастан қайтыс болған жағдайда олардың отбасыларына – он миллион теңге мөлшерінде жүзеге асырылады.

## **2-тарау. Біржолғы әлеуметтік төлемді тағайындау тәртібі**

4. Осы Қағидалардың 5-тармағында көзделгендерді қоспағанда, осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген адамдарға біржолғы әлеуметтік төлемдерді ұйымдастыру үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – ЖАО) комиссия құрады.

Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрайды.

Комиссияның құрамы:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері және (немесе) оның орынбасары атынан халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган аумақтық бөлімшесінің;

3) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органының;

4) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі мемлекеттік басқарудың жергілікті органының;

5) "Nur Otan" партиясының;

б) медицина қызметкерлерінің мүддесін білдіретін үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінен құрылады.

Комиссия төрағасы болып облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімінің орынбасарынан төмен емес лауазымда жұмыс істейтін адам тағайындалады.

5. Осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің және оның ведомствосының қарамағындағы денсаулық сақтау ұйымдарының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның және оның аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері болып табылатын адамдарға әлеуметтік төлемдерді ұйымдастыру үшін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган жанынан комиссия құрылады.

Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрайды.

Комиссияның құрамы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, Қазақстан Республикасының бала құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органының, медицина қызметкерлерінің мүддесін білдіретін үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінен құрылады.

Комиссияның төрағасы болып халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган басшысының орынбасарынан төмен емес лауазымда жұмыс істейтін адам тағайындалады.

6. Денсаулық сақтау ұйымдарының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның және оның аумақтық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағындағы ведомстволық бағынысты ұйымдардың және оның ведомствосының басшылары денсаулық сақтау жүйесі қызметкерінің коронавирустық инфекцияны жұқтыру (сырқаттану), вирустық пневмониямен сырқаттану фактісі анықталған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жазбаша түрде берген ақпарат негізінде комиссия бес жұмыс күні ішінде қарайды және Ресурстарды басқару жүйесінің деректер базасында қызметкер бойынша ақпараттың болуын тексергеннен кейін біржолғы әлеуметтік төлемді

алу құқығы туралы немесе құқығының болмауы туралы оң немесе теріс шешім қабылдайды және коронавирустық инфекцияны жұқтырған, вирустық пневмониямен сырқаттанған денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің және (немесе) денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің (қайтыс болған жағдайда) отбасы мүшелерінің тізімдерін (бұдан әрі – қызметкерлердің тізімі) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырады.

Қалыптастырылған қызметкерлердің тізімдері екі жұмыс күні ішінде электрондық форматта Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйесіне жіберіледі және Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелері:

"Ресурстарды басқару жүйесі" ақпараттық жүйесінде денсаулық сақтау қызметкері туралы мәліметтердің болуын;

қызметкердің "Стационардағы наукастардың электрондық тіркелімі" ақпараттық жүйесінде стационардағы науқас ретінде тіркелуін автоматтандырылған режимде тексереді.

"Стационардағы наукастардың электрондық тіркелімі" ақпараттық жүйесінде, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйесінде стационардағы науқас ретінде тіркелмеген қызметкерлер бойынша "амбулаториялық деңгей" белгісі көрсетіледі және мынадай деректер енгізіледі: сырқаттану күні, диагноз, жүгіну күні.

Тексеру қорытындылары бойынша біржолғы төлемге әрбір қызметкер бойынша жеке-жеке электрондық өтінімдер қалыптастырылады.

7. Шешім қабылдаған кезде комиссия қызметкерлердің тізімдерін осы Қағидалардың 2-тармағына сәйкес келуін тексереді.

8. Осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген адам қайтыс болған жағдайда комиссия үш жұмыс күнінен кешіктірмей оның отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген қайтыс болу туралы куәліктің көшіресін қоса бере отырып өтініш ұсыну қажеттілігін хабарлайды

Қызметкер қайтыс болған жағдайда біржолғы әлеуметтік төлем алуға өтінішті осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оның отбасы мүшелерінің бірі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органына немесе халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органға береді.

Қайтыс болу туралы куәлікті алғаннан кейін комиссия отбасыларға біржолғы әлеуметтік төлемді жүзеге асыру немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды және қызметкерлердің тізімдерін қалыптастырады.

Электрондық және сканерленген нұсқада Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйесіне жүктелген қызметкерлердің тізімдері негізінде біржолғы төлемге әрбір қызметкер бойынша жеке-жеке электрондық өтінімдер қалыптастырылады.

9. Ұсынылатын ақпараттың дұрыстығын Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ұйымдарының, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның және оның аумақтық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағындағы ведомстволық бағынысты мекемелердің және оның ведомствосының бірінші басшылары және комиссия мүшелері қамтамасыз етеді.

Комиссияның отбасыларға біржолғы әлеуметтік төлемді жүзеге асыру немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімдерін барлық растаушы құжаттарымен бірге сақтауды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган қамтамасыз етеді.

10. Сканерленген көшірмелер түрінде қоса берілген қызметкерлердің тізімімен қоса электрондық өтінімдер Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараттық жүйесіне "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы ақпараттық жүйелердің интеграциялық өзара іс-қимылы арқылы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйесіне жүктелген күннен кейін екі жұмыс күні ішінде жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараттық жүйесіне жіберілу кезінде мәліметтерге Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің көліктік электрондық-цифрлық қолтаңбасымен қол қойылады.

11. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараттық жүйесі автоматтандырылған режимде электрондық өтінімдерді сканерленген түрінде қызметкерлер тізімінің болуын, сондай-ақ дербес деректер (тегі, аты, әкесінің аты, ЖСН, туған датасы) мен банк деректемелерінің дұрыстығын тексереді.

Бақылаудан өтпеген электрондық өтінімдер себебі көрсетіліп қабылданбайды.

12. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі электрондық өтінімдер мен қызметкерлердің тізімі келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген адамдардың бұрын олар бойынша біржолғы әлеуметтік төлем тағайындау туралы шешімі болғанын тексереді, электрондық іс макетін (бұдан әрі – ЭИМ) қалыптастырады және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біржолғы әлеуметтік төлем тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім жобасын қалыптастырады.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі қалыптастырған ЭІМ-ні қордың филиалына жібереді.

13. Қордың филиалы бір жұмыс күні ішінде шешім жобасымен ЭІМ-ні қарайды және әлеуметтік төлемдерді тағайындау немесе оларды тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Қордың филиалы біржолғы әлеуметтік төлемдерді тағайындау туралы шешім шығаруы кезінде электронды өтінімдерде көрсетілген дербес деректерін қоса берілген жұмыскерлер тізіміндегі деректерімен салыстыра тексереді.

14. Мемлекеттік корпорация әлеуметтік төлемдер тағайындау туралы қордың филиалы бекіткен шешімдердің негізінде бір жұмыс күні ішінде тағайындалған біржолғы әлеуметтік төлемдердің сомаларын біржолғы әлеуметтік төлемдер қаражатының қажеттілігіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік корпорация әлеуметтік төлемдерге қаражаттың қажеттілігін күн сайын қалыптастырады.

15. Қор біржолғы әлеуметтік төлемдерді график бойынша жүзеге асыру үшін Мемлекеттік корпорацияны күн сайынғы қаржыландыруды жүргізеді.

16. Мемлекеттік корпорация қаражатты алған соң бір жұмыс күні ішінде кестеге сәйкес біржолғы әлеуметтік төлемдерді төлеуге төлем тапсырмасын қалыптастырады және банк шоттарына қаражат аудару арқылы алушыларға әлеуметтік төлемдерді жүзеге асырады.

Мемлекеттік корпорация және қор есепті айдан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей жүргізілген әлеуметтік төлемдер сомалары бойынша, сондай-ақ артық аударылған (төленген) әлеуметтік төлемдерді қайтару бойынша салыстырып тексеру актісіне қол қояды.

17. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген адамдарды қордың филиалы қабылдаған біржолғы әлеуметтік төлем тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім туралы тізімдерде ұялы телефондарының нөмірлері болған кезде sms-хабарлама жіберу арқылы хабарлайды.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2020 жылғы 10 қазаны  
№ ҚР ДСМ-124/2020 мен  
Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрінің  
2020 жылғы 10 қазаны № 396  
Бірлескен бұйрыққа  
1-қосымша  
Денсаулық сақтау жүйесінің  
қызметкерлері эпидемияға  
қарсы іс-шаралар жүргізу  
кезінде коронавирустық



инфекцияны немесе вирустық пневмонияны жұқтырған жағдайда оларға, сондай-ақ қызметкер қайтыс болған жағдайда эпидемияға қарсы іс-шараларға қатысу-қатыспауына қарамастан олардың отбасыларына біржолғы әлеуметтік төлемді жүзеге асыру қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

**Коронавирустық инфекциясын жұқтырған, вирустық пневмониямен ауырған (қайтыс болған жағдайда) денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің және/немесе денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің отбасы мүшелерінің тізімі**

Денсаулық сақтау қызметкері											
Қызметкердің мәліметтері						Қайтыс болғанын растайтын құжаты	Банкі деректемелері				Байланыс деректері (+77....)
Денсаулық сақтау қызметкері ЖСН	ТАӘ	Туған күні	Ұйым БСК	Ұйым атауы	Ұйым бөлімшесі	Акті жазбасы күні мен нөмірі (қызметкер қайтыс болған жағдайда)	БСК	Банк атауы	Шот нөмірі	Шот түрі (картокалық / дербес шот)	Мобильді телефон нөмірі

**кестенің жалғасы**

Отбасы мүшелері (қызметкер қайтыс болған жағдайда толтырылады)										
Отбасы мүшесі ЖСН	ТАӘ	Туған күні	Денсаулық сақтау ұйымы қызметкеріне туыстығы			БСК	Банктің атауы	Шот нөмірі	Шот түрі (картокалық / дербес шот)	Байланыс деректері (+77.....)

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_

ТӘА (бар болса) және лауазымы \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2020 жылғы 10 қазаны  
№ ҚР ДСМ-124/2020 мен  
Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрінің

2020 жылғы 10 қазаны № 396

Бірлескен бұйрыққа

2-қосымша

Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізу кезінде коронавирустық инфекцияны немесе вирустық пневмонияны жұқтырған жағдайда оларға, сондай-ақ қызметкер қайтыс болған жағдайда эпидемияға қарсы іс-шараларға қатысу-қатыспауына қарамастан олардың отбасыларына біржолғы әлеуметтік төлемді жүзеге асыру қағидаларына  
2-қосымша  
Нысаны

## Біржолғы әлеуметтік төлем алуға өтініш

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органына \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (аудан, қала)

немесе халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органына (қажетінің астын сызу)

Кімнен \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә. (бар болса), ЖСН)

Өтініші берушінің мекенжайы \_\_\_\_\_

Банкілік деректемелері: Банктің атауы: \_\_\_\_\_

Банкілік шот № \_\_\_\_\_

Шот түрі: \_\_\_\_\_

БСК: \_\_\_\_\_

E-mail \_\_\_\_\_

Телефон нөмірі \_\_\_\_\_

Коронавирустық инфекциясына коронавирустық инфекциясына қарсы күрес жөніндегі эпидемияға қарсы іс-шараларға тартылған қызметкердің аталған инфекциядан немесе клиникалық және эпидемиологиялық белгілері бойынша коронавирустік инфекциясын (коронавирустік инфекциясының ықтимал

жағдайы) жоққа шығармайтын вирустық пневмониядан қайтыс болуына байланысты біржолғы әлеуметтік төлем төлеу мәселесін қарауларыңызды сұраймын:

№	ЖСН (қайтыс болған денсаулық сақтау қызметкері)	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қайтыс болған денсаулық сақтау қызметкері)	Туған күні (қайтыс болған денсаулық сақтау қызметкері)	Денсаулық сақтау қызметкері қайтыс болған күні	Қайтыс болғаны туралы акті жазбасы күні
---	---	---	--	--	---

Жалған ақпарат пен дәйексіз (жалған) құжаттарды ұсынғаны үшін жауапкершілік туралы ескертілді.

Өтініш берушінің Т.А.Ә. (болған жағдайда) және қолы

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2020 жылғы 10 қазаны  
№ ҚР ДСМ-124/2020 мен  
Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрінің  
2020 жылғы 10 қазаны № 396  
Бірлескен бұйрыққа  
3-қосымша  
Денсаулық сақтау жүйесінің  
қызметкерлері эпидемияға  
қарсы іс-шаралар жүргізу  
кезінде коронавирустық  
инфекцияны немесе вирустық  
пневмонияны жұқтырған  
жағдайда оларға, сондай-ақ  
қызметкер қайтыс болған  
жағдайда эпидемияға қарсы  
іс-шараларға қатысу-  
қатыспауына қарамастан  
олардың отбасыларына  
біржолғы әлеуметтік төлемді  
жүзеге асыру қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

Код \_\_\_\_\_

Облыс (қала) \_\_\_\_\_

**"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" АҚ \_\_\_\_\_**  
**\_\_\_\_\_ облысы (қаласы) бойынша филиалының әлеуметтік төлемді**  
**тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы 20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_**  
**№ \_\_\_\_\_ ШЕШІМІ**

1. Тағайындау (бас тарту):

Істің № \_\_\_\_\_

Тегі \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

Туған күні \_\_\_\_\_ жынысы \_\_\_\_\_

(айы, күні, жылы)

(ер, әйел)

Тізім түскен күн: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Қайтыс болған денсаулық сақтау қызметкері деректері (қайтыс болған жағдайда):

Тегі \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

Қайтыс болған күні: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Біржолғы әлеуметтік төлем мөлшері \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ сомасында

(сома санмен және жазбаша)

2. Әлеуметтік төлем тағайындаудан бас тарту \_\_\_\_\_ (себебін көрсету)

Филиал басшысы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Филиал маманы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Шешім жобасын дайындаған:

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің маманы

---

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК